

Мерзімді

басылымдар заңы



КАЗАК

www.writers.kz

www.qazaqadebieti.kz

ӘДДЕБИЕТІ



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ЖАҢА КІТАП

2.9

Әлихан Бөкейхановтың қаламынан шыққан мақалалар, сын-зерттеулер қанша мол болса да тұңғыш рет жеке жинақ ретінде жарық көргені — **«Әлихан Бөкейханов. Шығармалар»** деген кітап («Қазақстан» баспасы, 1994). Ол өзі негізінен кезінде «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан тұрады екен. Көлемі 380 бет (20 баспатабақ). Кітапты құрастырған тарих ғылымдарының кандидаты Мәмбет Қойгелдиевтің көлемді кіріспе мақаласы Әлихан Бөкейхановтың өмірі, шығармашылық мұрасы жайында бірталай құнды мағлұмат береді.

М. Қойгелдиев Әлихан Бөкейхановтың өмірін, қоғам қайраткері ретіндегі күрескерлік жолын көбіне-көп «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы, Бөкейхановтың Алашорданың Халық кеңесінің төрағасы болған кездегі қызметіне байланысты баяндаған. Осы мәселелерге қатысты пікір толғайтын Әлихан Бөкейхановтың өзінің мақалаларына назар аударсақ, оның Алаш партиясы, Алашорда үкіметінің құрылуы жайында айтылған пікірлерінде тарихшы, хұқық зерттеушілер зер сала тексеретін жәйлар аз емес екенін көреміз. Ал түгелдей алсақ, кітапқа кірген бұл мақалаларда, сын-зерттеу еңбектерінде қамтылатын мәселелердің ауқымы әлдеқайда кең. Солардың ең бастылары — 20-ғасырдың бас кезінде патша әкімшілігінің қазақ даласын билеу ісін жүргізудегі саясаты, 1916-жыл

қерек екенін Әлихан Бөкейханов жақсы түсінді. Ол қазақ еліне автономия берілу мәселесін қойып, мұны орыстың конституциялық-демократиялық партиясы қолдайды деп үміттенген еді. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ә. Бөкейханов бұл үміттің ақталмайтынын айқын байқады. «Біз, Алаш ұранды жұрт-жиылып, ұлт автономиясын тіпек болдық»

ақындық өнерге, әдебиетке айрықша ықыласпен қарап, үлкен мән бергені де осының бір көрінісі болды деуіміз орынды секілді. Өйткені Ә. Бөкейхановтың әдебиет мәселелеріне арнаған мақалаларымен, зерттеулерімен, көркем шығармаларымен таныса келе халық поэзиясын, өлең-жыр, дастандарды, ақындардың

айтқан пікірлері бүгін де өз маңызын толық сақтаған дей аламыз. Абай, Шөкерім, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан өлеңдерінен үзінділер келтіре отырып: «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады?» — дейді Әлихан Бөкейханов «Мұсылман сөзі» атты мақаласында (191-

ескеріле бермейді. Абайдың, әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың бірталай мысалдары өте еркін тәржімаланғанын, қазақ өмір-тұрмысына үйлестіре жанынан сөз қосарлап, өзгеше келтірілген тұстары жиі кездесіп отыратынын, сондықтан оларды бүгінгі қалыптасқан мағынада аударма деуге үнемі келе бермейтінін есте тұтқан жөн. Жинақта Ә. Бөкейхановтың орыс жазушыларынан аударған әңгімелеріне (Лев Толстойдан «Жұмыртқадай бидай», Чеховтан «Хамельеон», Короленкодан «От») тиісті орын берілген. Орыстың әдебиетін жақсы білген Ә. Бөкейханов өзінің мақалаларында Пушкин, Лермонтов, Герцен, Достоевский, Тургенев, Чернышевский секілді жазушылардың есімін ерекше ілітіп атпен атап отырады. Лев Толстойды «күн жоғалмаса жоғалмайтын жазушы» деп аса жоғары бағалаған. Оның «Воскресенье» романы нағыз өмір шындығын бейнелейтінін аңғартып, «сөз отчетін зерттеп алып» жазған деген. Патша үкіметінің орыстың атақты жазушыларын, ойшылдарын абақтыға жауып, Сібірге айдап, жапа шектіргенін айта келіп, соны азаттық үшін күрестің азабы мол деген ойына дәлел қылады. «Бауырым Ахмет, Мирякуб! Сенің екеуіңнің абақты — Радищев пен Новиков абақтысы» (169-бет) — дейді «Ұят-ай» атты мақаласында.

Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы бұл кітаптағыдан, әрине, әлдеқайда мол. Сондықтан Мұхтар Әуезов атындағы

Әдебиет пен өнер институты жуырда баспаға берген тағы бір кітап бар екенін атап кетуіміз орынды. Оған да тек таңдамалы шығармалары кірген. Алайда ол жинақтың көлемі бұл кітаптан екі жарым есе үлкен (50 баспатабақтай). Кітапты құрастырып, түсініктерін, еңбектерінің библиографиялық көрсеткішін жасаған ғылыми қызметкер Сұлтанхан Аққұлұлы. Ә. Бөкейхановтың өмірі мен кіріспе мақаланы жазған филология ғылымдарының докторы М. Базарбаев пен С. Аққұлұлы. Бұл жинақтан оқырмандар Ә. Бөкейхановтың Кеңесары Қасым тының соңғы күндері туралы деректерді, қазақтың халық дәуірінің тарихы, би және тілік жөніндегі мәселелерге қатысты мақалаларды таба алатын болады. Бұларға қоса естеліктері мен хаттары, келтірілген архивтік құжаттар да бар. Ал әдебиетке қатысты деп Мағжан мен Жүсіпбек шығармаларына сын аннотация, «Бекет батыр» мен «Мырза Едіге» жырларына (Ә. Диваев бастырған) сын-пікірлерін атар едік. Орыс тілінде жазылған еңбектерінен Абайға арналған мақалаларын ерекше бөліп айтсақ болар. Себебі Абайдың шығармашылық мұрасының қоғамдық, танымдық, көркемдік мәнін тұңғыш рет терең ашып көрсеткен Әлихан Бөкейханов екені ешбір талассыз.

Әлихан Бөкейханов қалдырған, аңсапты жеткен асыл мұраны жан-жақты талдап, байыптап түсіну, халықтың көдесіне жарату — алдағы міндет.

Зәки АХМЕТОВ, академик

«АЛАШ ТУЫН ҚОЛҒА АЛҒАН»

— дейді Әлихан Бөкейханов «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында. Бірақ ол партия ұлт автономиясына қарсы болғанын айта келіп, Ә. Бөкейханов: «Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім», — дейді.

1918 жылы жазған «Саяси хал» деген мақаласында Россияда патша үкіметі құлағаннан кейінгі кездегі саяси күрестің күшейгені туралы айта келіп, «Алаштың баласы аман қалар ма, жоқ па? Болжап болмайды. Қорқамын жалпы жұрттың қарағмылығынан; басшы болам деп тонын айналдырып киіп, жұрт тілегін өзінің соқыр тынынына айырбастағаннан» дейді.

Әлихан Бөкейхановтың мақалаларын, зерттеу еңбектерін оқығанда халық тағдыры үшін аса зор мәні бар көптеген мәселелерге тыянақты, тыңғылықты пікірі, өз көзқарасы бар

шығармаларын ел өмірінің айнасы, бүгінгі ғана емес, өткенді де, халықтың тарихын, мүддесін, арман-мұраттарын айқын аңғартатын танымдық, тағылымдық мәні зор дүние деп бағалағанына толық көз жеткізе аламыз. Мұны «Қара қыпшақ Қобыланды» атты көлемді мақаласында Шөкерім шежіресіне, батырлық жырларға қатысты өзі де тура айтқан.

«Кенесарының ерлігін, оның көтерілісі туралы аңыз-жырларды халық есінен еш шығармай келеді», — дейтіні де Бөкейхановтың қоғам тарихы мен халық поэзиясы арасындағы жалғастықты жақсы түсінгеніне айқын айғақ бола алады.

Шөкерімнің «Қалқаман — Мамыр» дастанын талдап, кейбір сын пікірлер айтқанда да, Әлихан Бөкейханов шығарма кейпкерлерінің мінезі, іс-әрекеті тарихи шындықты қаншалықты сәйкес келеді деген тұрғыдан қараған.

Бөкейханов Шоқан Уәлихановтың «Көкөтай ханның асы» және «Едіге» жырларын айтушылардың аузынан жазып алып, қағазға түсіргеніне үлкен мән берген. Осы жырлардың Шоқан жазып алған қазақша нұсқасы ол баспа бетінде жариялаған орысшасынан көркем, толық екенін атап көрсетіп, солардың Петроградтағы Географиялық қоғамдағы тексті студент жастар көшіріп алып, оқыса деген тілек білдірген.

«Едіге» жырының Шоқан жазып алған нұсқасының көркемдік құндылығы зор екенін шынында Ә. Бөкейханов үлкен талғампаздықпен танып бағалаған. Қазір «Едіге» жырының біз білетін жеті-сегіз нұсқасы бар. Олар көбінесе бір-біріне өте ұқсас, жақын келеді. Солардың ішінен Шоқан нұсқасы мен Әубәкір Диваев нұсқасы және Қаныш Сәтбаев 1927 жылы кітап етіп бастырған нұсқасының негізі бір. Кейінірек Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов жариялаған «Едіге» жырының да түбі осы нұсқадан шыққаны анық. Жақында Едіге Мағауин бастырған «Едіге» жыры да осы нұсқа.

Аленді «Манас» эпосының бір тарауы — «Көкөтай ханның асы» дейтін жыр туралы айтсақ, оны жазып алып, қысқаша орысшаға аударып жариялаған Шоқан онда қырғыз бен қазақ елдерінің жақындығы туралы баяндалатынын, көп жасаған Көкөтай ханның өлер алдында осыны өсиет қылып айтатынын, әрине, жақсы білген.

Әлихан Бөкейханов халық тағдыры мен ана тілінің тағдыры бір екенін терең түсінген. Оның ана тіліміздің тағдыры туралы

және Қазан төңкерістері, азамат соғысы, осындай үлкен тарихи оқиғалар болып жатқан кезеңдерде алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының, қоғам қайраткерлерінің қазақ елінің азаттығын сақтап қалуға бағытталған күресі. Сол дәуірдегі тарихтың, уақыттың өзі қазақ қоғамының алдына тартқан, күн тәртібіне қойған ең маңызды, түбегейлі мәселесі қандай еді десек, халық мүддесін көздеген алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының қоғамдық күрестегі негізгі мақсаты — елдің азаттығын қорғап қалу, сол үшін ұлттық мемлекет құру болатын. Ел берекелі, беделді болу үшін, халықтың ұлттық мәдениетін өркендету үшін алдымен азаттық, бостандық, ерікті ел болу

Баспалар басылымы



Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. «Қазақстан» баспасы. 1994ж.

